

## № 6 дәріс

**Тақырыбы:** Қазтуған Сүйінішұлы шығармашылығы

### Негізгі сұрақтар:

1. Қазтуған Сүйінішұлы өмірі мен шығармаларының тақырыптық сипаты
2. Қазтуған жырау толғауларының көркемдік мәні

### 1. Қазтуған Сүйінішұлы өмірі мен шығармаларының тақырыптық сипаты

Қазтуған Сүйінішұлы шамамен XV ғасырда Астрахань облысына қарайтын Красный Яр қаласының төңірегінде, Бозан, Ақтұба өзендерінің бойында дүниеге келген. Көшпелі тірлік салтын ұстанған ықпалды әулеттен шыққан. Айтулы жорық жырауы, әскербасы, батыр болған. Ел арасында «Қарға бойлы Қазтуған» атанып кеткен.

Қазтуған туралы «Бес ғасыр жырлайды» кітабында: «Қазақ әдебиеті төлбасыларының бірі – Қазтуған жырау Сүйінішұлының шамамен XV ғасырдың алғашқы жартысында Еділ бойында, қазіргі Астрахань облысының Красный Яр қаласының маңында туады. ... XV ғасырдың ұзына бойына созылған бұлғақ кезінде оның кімдерді жақтағаны, не істегені белгісіз. Тек ғасырдың екінші жартысында өз қарауындағы руларымен бірге Еділден ауып, Қазақ Ордасының құрамына өткендігін білеміз», - деп беріледі.

Әкесі Сүйініштің Қазтуғаннан бөлек, Азамат және Әдіжі есімді тағы екі ұлы болған. Оның арғы ата-бабалары Ноғай Ордасының билеушілері еді. Әкесі Сүйініш Абдоллаұлы Еділ бойында өмір сүрген, кейін Қобан жаққа өтіп кеткен.

Қазтуған жыраудың туған және қайтыс болған жылдары күні бүгінге дейін белгісіз. Кейбір деректерде XV ғасырда өмір сүргені жазылса, енді бірінде XVII ғасырдың перзенті екені айтылады. Мысалы, Әнес Сарайдың «Ноғайлының рухани өмірі» атты еңбегінде: «Қазтуған — Ноғайлы жырауларының ең кенжесі, XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген тұлға. Жыраудың өмір сүрген кезеңін анықтауға Ноғайлы шежірелері септеседі», -деп жазады.

«Қазтуған – Алтын Орда заманындағы ноғайлы-қазақ дәуірі әдебиетінің ірі өкілі. Ноғайлы аталып, артынан бір-бірінен бөлініп кеткен түбі бір, тілі бір түркі тілдес тайпалардың шынтуайтқа келгенде, сол кезде жеке халық болып қалыптасқан қазақтардың бай әдебиеті, ақын-жыраулар поэзиясының бастауында тұрған үлкен эпик ақын.

Қазтуған жыраудың артынан өмір, болмыс туралы, атамекен, туған ел жайлы және әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырдан құралған мол мұра қалды. Бірақ жырларының көпшілігі сақталмаған. Бізге жеткен шығармаларынан қазіргі кезде «Бұдырайған екі шекелі», «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Белгілі биік көк сенгір» атты толғауларын атауға болады. Дегенмен,

бұл шығармаларының өзі-ақ Қазтуған жыраудың қазақ әдебиеті тарихының төрінен орын алуына негіз бола алды. Қиялының ұшқырлығы, кеңдігі, суреттеу тәсілдерінің байлығы мен әсемдігі орта ғасырларда қазақтың ақындық өнерінің жоғары дәрежеде және өзіндік сипатқа толы болғанын аңғартады. Ұлттық бояуы ашық, өршіл романтикаға толы, көркем тіркестерге бай Қазтуған жырлары бірнеше ғасырлар бойы қазақ ақындарына үлгі, өнеге мектебі болған.

«Оның шығармалары бүгінгі уақытқа толық жеткен жоқ, көбі мүлде ұмыт қалса, қолда бары баспа бетін көріп келе жатқандары үзінді күйінде ғана ақын мұрасынан азды-көпті мағлұмат береді.

«Қазтуған жыраудың алғаш өлеңдерін Ғабдолла Мұштақ құрастырған «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» жинағында жарияланса, кейіннен «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды», «Ұлы арман», Ленинградтан тұңғыш рет орыс тілінде жарық көген «Поэтика Казахстана», «Поэты пяти веков» жинақтарында, «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» хрестоматиясында басылды. Жырау өмірі мен шығармашылығы туралы азды-көпті болсын С.Сейфуллин, М.Мағауин, Ә.Дербісәлин, Қ.Сыдықов, Х. Сүйіншәлиев, Ж. Тілепов сияқты белгілі әдебиеттанушы ғалымдар қалам тербеді.

Қазтуған XV ғасырда өмір сүрген ноғайлы батыры, би әрі ақын-жырау екені анық. Алайда, ол туралы деректер өте жұтаң. Сол себепті де жоғарыда аталған ғалымдар жырау туралы азды-көпті жазды деуіміз де осыған саяды.

Бұған дейін XIX ғасырдың көрнекті қазақ ақыны Мұрат Мөңкеұлының «Қазтуған» толғауында айтқандай, Қазтуған жыраудың қонысы «Жайықтың күнбатыс шетіндегі Нарын, Қабыршықты, Қаралау деген жерлер екен» деген жалғыз мәліметке сүйеніп келдік. Жау жағадан алып, қысылтаяң кез туған шақта Қазтуған елін аман сақтап қалу мақсатында жұртты бастап Еділ, Жайықтан Қазақстанның күншығыс жағына ауған деседі. Оның басты себебі – талай құтты қоныс болған туған жердің жайсыз мекенге айналып ел бірлігінің қожырай бастауынан болса керек. Ел қамын ойлап, халық мұңын жоқтаған Қазтуғандай жаужүрек батыр, қол бастаған басшы жұртын соңына ерте білді, елінің болашағын тереңнен толғанып, оны аман-есен сақтай алуды перзенттік парыз деп білді.

Қазтуған жырау жорық жыршысы және халық эпосын жасаушалардың бірі саналады. Артына қазақтардың әскери рухын, туған жерін, халық өмірі мен тұрмысын суреттейтін көптеген өлеңдерден тұратын шығармашылық мол мұра қалдырды. Олардың көпшілігі сақталмаған. Дегенмен, бізге жеткен жекелеген туындылары оның әдебиет тарихы төрінен орын алуға лайықты екенін айғақтайды.

## **2. Қазтуған жырау толғауларының көркемдік мәні**

Қазтуған поэзиясы жауынгерлердің көшпелі өмірін, көзқарасын суреттейді және олардың тұрмысын, айналадағы құлан таза табиғат туралы ойларын бейнелейді. Ақын-жыраулардың қиялының жүйріктігі, өткірлігі, бай және әдемі көркемдік әдістері сол дәуірдегі қазақтардың поэтикалық өнерінің

жоғары деңгейде болғанын, сонымен бірге, өзіндік ерекшеліктері бар екенін білдіреді.

Жыраудың «Бұдырайған екі шекелі» толғауында әрі жырау, әрі батырға тән өз портретін өзі жасап, ұтымды да дәл метафоралық салыстырулар арқылы әсем көмкерген. Ал, «Алаң да алаң, алаң жұртта» халықтың туған мекен ? Еділін тастап, шу бойында алғаш хандық құрып, қоныс тебуі, тәуелсіз ел болу кезеңін меңзейді. Қазтуғанның туған жер, өскен елге деген махаббаты да кіршіксіз әрі шексіз. Ол «Кіндік кесіп, кір жуған» ата қоныс ? Еділдің дарқан байлығы мен шексіз де шетсіз қуатты мекен екенін сипаттау арқылы өз сүйіспендігін жайып салады. «Жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой болған жерді» суреттегенде, оның елге қорған, мықты тірек болғанын да ұмытпайды. «Белгілі биік биік көк сеңгір» жырынан жауынгер-жыраудың өмір жайлы тыныс-түсінігі айқын аңғарылады. Бұл аталған жырлар қазақ әдебиетінде өзінің мазмұны мен көркемдік сипаттары жағынан ғана емес, сыртқы түзілім-құрылыс тұрғысынан да ерекше дараланады. Жырау «Ма-дақ жырында» қаһарманға тән бет-бейнесі мен кескін-келбетін та-ныту үшін батырлар жырындағы дәс-түрге сай өзінің автопортретін әсі-реле-генімен, көркем сипаттап бер--ген. Келесі бір толғауында да жыр-ау өзін «буыршынның азуына», «бөкеннің санына», «бұғының мүйі-зіне», «би-дайықтың соғарына», «Қаша-ған-ның құрығына», «Ақ Орда-ның сырығына», «қойдың көсеміне» теңеп, жау жүрек батырдың өр келбетін сомдады.

Жырау ғұмыр кешкен Ноғайлы дәуірі XIV-XVI ғасырлардағы Ноғай Ордасы билігімен тікелей байланысты. «Қазақ мемлекеттілігінің тарихы» атты еңбектегі мәлімет бойынша, «Ноғай», ноғайлықтар, «Ноғай Ор-дасы» деген ұғымдар алғаш рет XVI ғасырдың басында ғана пайда болды. Бұған дейін ноғайлар өздерін «маңғыт», өз ұлысын «Маңғыт жұрты» деп атаған. Оларды көрші халықтар да осы атаумен таныған. XIII ғасырдың II жартысында маңғыттар Алтын Орданың уақытша билеушісі түмен басы Ноғай иелігінің құрамына кірген. Осыдан барып «Ноғай» ордасы ұғымы шыққан.

Тарихтан Ноғай Ордасының XVI ғасырдың II-ші жартысында бірнеше дербес иелікке ыдырауы барысында мыңдаған ноғай отбасының қазақтың Кіші жүзінің құрамына енгені белгілі. Бірақ олардың қазақтың ешбір жүзі мен руына жатпайтындығына қарамастан, тіл, салт-дәстүр, әдет-ғұрып ұқсастығы бойынша қазақтар мен ноғайлар бір-біріне өте жақын халық. Ноғайлар қазақтармен бауырластығын «Но-ғай-лар эм казаклар быр казаннан шыккан халк» деген мақал арқылы да байланыстырады. Өзара туыс ұлттар – ноғайлар мен қазақтардың бірге көшіп жүрген заманын Ш.Уәлиханов: «Жәнібек билік құрғанда туыс екі Орда – қазақтар мен ноғайлар бірге көшіп-қонған осы заман қазақ жырларында «алтын ғасыр» деп аталады» деп жазды.

Сондықтан төсекте басы түйісіп, төскейде малы тоғысып, селбесіп тіршілік еткен ноғайлы-қазақ тұсында жазылған шығармаларды ортақ мұра, ал оларды тудырушыларды бір ұлт болмаса да, туысқан халық ретінде қарастыру керек.

«Қазтуғанның қонысымен қош-тасуы» атты толғауында жыраудың өзі «ноғайлы, қазақ жұртым» деп екі халықты бірлікте атап, кейінгі ұрпағы-ның болашағына алаңдаушылық білдіріп, таусылады:

Бұл қоныстан кетпесең,  
Мұны талақ етпесең,  
Атаңа нәлет кәпірдің  
Пайдасына қалмаса игі еді,  
Ноғайлы, қазақ жұртымның  
Кейінгі туған балдары-ай!

Ноғайлы дәуірі әдебиетінің белді мүшесі Қазтуған жыраудан өмір, атаме-кен, туған ел және ел бірлігі тақы-рыбындағы жырдан құралған әдеби мұра қалған. Әйтсе де жырау жырлары толық сақталмаған. Біз-дің заманымызға Қазтуған шығар-ма-шылы-ғының бір парасы ғана жет-ті деуге болады. Бірақ соның өзі жырау шығармашылығы жайынан, жырау өмір сүрген тарихи алмағайып кезең тынысынан біршама мағлұмат бере алады. Осы ретте Қазтуған поэзиясының тақырыбы жайлы ға-лым Ә. Дербісәлиннің: «Қазтуған тол-ғаулары... қазақ халқының халық болып құрыла бастау тұсындағы жақсы қоныс, жақсы мекен іздеу мә-селелерінің сол алыс замандағы жаңғырығы, поэзия өмірінде сақталған шағын ескерткіш үлгісі тәрізді кейінгі дәуірге жетті. Бұлар өз дәуірі мен шығарушысы жайында кішкентай болса да елес, ұғым бере алса, поэзия эволюциясындағы белгілі бір кезеңнің көркемдік дүниетанымы тарапында нышан таныта алса, өз міндетін ар-ты-ғымен орындаған саналады», – деген пікірі көңілге қонымды.

«Ноғайлы» еңбегінің авторы Ә.Сарай ноғай ғалымы А.И.Сикалиев зерттеулеріне сілтеме жасап, Қаз-ту-ғанның «Жембойлық» атты көлемді толғауы болғанына тоқталып, «Жем-бойлықтар Ноғайлының бір ұлысы бола тұра Ноғайлының қарсы аттаныстарына қосылмай, қайта қалмақпен ауыз жаласып кеткен. Сөйтіп олардың өз жұртына жасаған опасыздығы дастанға арқау болған» деп жаңа бір деректің ұшығын алға тартады:

Алдаспан мен мақсым тапса,  
Бұ жембойлық дегенің  
Алты атасын сатады.  
Әлемге әлек келгенде,  
Алып ноғайлым арқа бойында  
Қантөгісе өлгенде,  
Бұ жембойлық туғаным,  
Атандай шеке беріп жатады.

Әдебиетіміздегі жыраулар поэзиясы туған жердің тұтастығы, бүтіндігі, ел бірлігі, берекесі, тәуелсіздігі сынды келелі мәселелерді қамтуымен құнды. Ғасырлар тезіне төтеп беріп, біздің заманымызға толыққанды түрде болмаса да, жарым-жартылай жеткен жыр-толғаулардан олардың идеясы ел мүддесі болғаны дәлелдене түседі.

Ел бірлігі мен берекесі, ынты-ма-ғы, тәуелсіздігі, атақоныс, туған жердің ыстық әрі қымбат бола-тыны Қазтуғанның «Алаң да алаң, алаң жұрт» деген толғауында шы-найы көрініс тапқан. Жыраудың ғұмыр-баяндық

жылнамасы іспеттес осы жырдың маңызы ерекше. Атасы Сүйініштің күйеу болып барған, анасы Бозтуғанның келіншек болып түскен жұртында дүниеге келгенін ерекше ілтипатпен тілге тиек еткен жырау туған жер, өскен өлкесінің кереметтігін сипаттау арқылы перзенттік шы-найы махаббатын білдіріп, елінің тәуел-сіз-дікке қол жеткізуін көксейді, ел тұтас-тығын армандайды. Бұл жерде бір кездері Ноғай Ордасы салтанат құрғаны мен бүгінде ол күндердің келмеске кеткеніне өкініш білдіруі жырау жырынан анық аңғарылады:

Алаң да алаң, алаң жұрт,  
Ақала ордам қонған жұрт.

Немесе

Салп, Салпыншақ анау үш өзен,  
Салуалы менің ордам қонған жер.

Жырау осы толғауда туған жерінің құт-береке қонған мекен екенін ма-дақтау үшін әсірелей суреттеуге бой ұрады. Төменгі жолдарда аллитерациялық тәсілді пайдалануы нәтижесінде әрбір жол дауыссыз «ж» дыбысынан басталып, толғаудың көркемдік ерекшелігін күшейте түскен:

Жабағылы жас тайлақ,  
Жардай атан болған жер.  
Жатып қалып бір тоқты  
Жайылып мың қой болған жер.

Құт-қонып, береке ұйыған мекенді есті адамның өз еркімен тәрк етпейтіні белгілі. Бірақ ел басына күн туып, қалмақ пен орыс екі бүйірден қыспаққа алғанда Қазтуған мен оның жұрты бастарына күн туғандықтан, атақоныстан безіп, жан сақтау үшін «ұлы Ұрымға, қызы Қырымға» қоныс аударады.

Туған жерінің бел баласы Қазтуған тіпті «жабысы мен тайын да», «жары менен сайын» да теңестіріп, жырға қосады. Жырау үшін туған жердің қарапайым шырмауығы мен тамырлы жеміс – ботташық сияқты шөбі де, сазан балығы мен бақасы да ыстық. Оларды да жырау назардан тыс қалдырмай, сипаттағанда гиперболалық теңеуге жүгінеді:

Ботташығы бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай.  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған.

Ел іргесі сөгіліп, кіндік қаны тамған атажұрттан қол үзген кезеңде Қазтуған жырау «Қайран менің Еділім» деп күңіреніп, артында қалғандарға Еділ бойының қайырын тілейді.

Қайран менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жұрт!

«Қазтуғанның қонысымен қош-тасуы» атты толғауы «Арайна билер арайна, Арайна десем, болғай ма?!» – деп басталады. Орталық ғылыми кітапхана қорының қолжазба бөлімінде осы «Арайна» есіміне қатысты латын

кәрпімен жазылған мынадай мәлімет бар: «Қазтуғанның Арайна атты жол-дасы қазалы болып, өтерінде кейінгі жырлардың бәрі «Арайна» деп аталса екен деп өсиет қылыпты-мыс». Бір-ақ жырау шығармалары біздің заманымызға толық жетпегендіктен кейінгі толғауларында Қазтуғанның жолдасының соңғы өтінішін қалай орындағаны беймәлім. Осы толғаудан Қазтуған жыраудың елдің болашағына алаңдаушылығы, туған жердің тыныштығының қаймағы бұзылғанына күйінуі анық аңғарылады.

Туған жерден өз еркімен бас тар-ту қаншалықты қиын болғанына кара-мастан, мұсылман баласын құтты мекендері – Еділ мен Жайық арасы мен Астраханды қоныс етпеуге, ол жерлерден қашуға шақырады. Еділден кетпесе қалмақтың басып алатыны, Жайықты тастамаса, кәпірлердің, яғни орыстардың жаулап, қала салатыны, Астрахань қаласын да солардың тартып алатыны тарихи шындыққа дөп келеді:

Еділді қоныс етпеңіз,  
Жағалай қалмақ алады.  
Жайықты қоныс етпеңіз,  
Сыдыра біткен көкжиек,  
Кәпірлер қала салады.  
Аштарханды қоныс етпеңіз,  
Шәһәрін оның алады.

Ел тәуелсіздігінің туған жердің суы, тіпті тау-тасы сияқты табиғаттың құ-рам-дас бөліктерінің азаттығымен, еркіндігімен айқындалатыны белгілі. Сондықтан жырау ұғымында Еділ, Жайық, Ойыл әлеуметтік мәнге ие. Бір Еділдің өзі жалпы ел бейнесін ассоциацияласа, Жайық – сол елдің жаны, Ойыл – халқының ақыл-парасатының ошағы – ой ұғымымен астасып жатыр. Жырау:

Еділді алса елді алар,  
Енді алмаған не қалар?  
Жайықты алса жанды алар,  
Жанды алған соң не қалар?  
Ойылды алса ойды алар,  
Ойлашы, сонда не қалар? –

деп күйінеді. Жан мен ойдан айы-рылған елде қауқар мен қайрат қал-май--тынын білген жыраудың жаны налып, күйзеледі.

Аман-саулықты мал-жанның аман-дығын сұраумен бастайтын, малмен көзін ашатын қыр баласы үшін төрт түліктің маңызы зор. Қазтуғанның туған жеріндегі бір кездегі «жабағылы жас тайлақ жардай атан болып», содан көбейген Ойсылқара тұқымына да жатжұрттықтардың қол салатыны жырау жанына қаяу түсіріп, қабағына кірбің ұялатқандықтан бұл жайттар да Қазтуған жырына арқау болған:

Жаз кіреге жақсы деп,  
Дулығалы нарды алар,  
Қыс кіреге жақсы деп,  
Шудасы қалың айырды алар.

Жырау ғұмыр кешкен кезеңде Орта Азия аумағында шамандық, тәңірлік, христиан, манихей, будда, ислам сияқты діндердің болғанына қарамастан, ислам дінінің рөлі зор болғаны Қазтуған толғауларынан жақсы көрініс тапқан. Орта ға-сыр әдебиетінің өкілі Қазтуған дүниетаны-мындағы тәуелсіздік ұғымы ислам дінімен, мұсылмандық таным-түсінік-термен, қағидаттармен астасып жатыр. Жырау төмендегі толғауында өткен күндерді армандап, кәпірлердің билігі күшейгендіктен мұсылманның басынан бағы тайып, тәуелсіздіктен айырылып, ғәріп халге түскен күйін қынжыла баяндайды:

Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз,  
Қайран саланың жатқан аңғары-ай,  
Ақ шалмалы пірлердің  
Мешітке жаққан шамдары-ай!  
Менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім  
Аузы түкті кәпірдің  
Күшті болған салдары-ай!

Бірақ Қазтуғанды барлық толғауында үнемі сары уайымға салынып, торыға беретін пессимист жырау деуге болмайды. Қазтуған жырау өз толғауларында хас батырларға тән қажыр-қайратын ұштап, намысын қайрап, нағыз жырауларға тән екпінмен елге дем беріп, рухтандыра түседі.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Қазтуған Сүйінішұлының өмір деректері жайлы мәліметтер
2. Қазтуған мұрасының жариялануы
3. Жырау поэзиясының тақырыптық-идеялық сипаты
4. Қазтуған толғауларының елдік мұраты